



№ 3 Балалар музыка мектебі 1985 жылы ашылған. Педагогикалық ұжым-157 адам. Оқушылар саны- 1270 адам.

**Мектеп** «Инновациялық әдіс заманауи қосымша білім беруді модернизациялаудың негізі ретінде» тақырыбы бойынша жұмыс жалғастырылды.

**Мектеп жұмысының мақсаты:** қосымша білім беруге инновациялық әдісті жүзеге асыру үшін және музыкалық білім мен тәрбие үрдісінде оқытушы мен оқушының жеке тұлғасын дамыту үшін жағдай жасау.

**Әкімшілік:**

Лизунков Сергей Вячеславович – мектеп директоры;

Чайникова Татьяна Владимировна – директордың оқу ісі бойынша орынбасары;

Бесимбаева Айгуль Булатқызы - директордың тәрбие жұмысы бойынша орынбасары;

Ибрагимова Анар Ақбайқызы - директордың ғылыми-әдістемелік жұмысы бойынша орынбасары;

Ахметова Катима Қасымқызы - филиалдар бойынша меңгеруші.

№ 3 БММ қалалық, Республикалық және Халықаралық байқаулардың, олимпиадалар мен семинарлардың ұйымдастырушысы болып табылады. Атап айтқанда: ҚР Бірінші Президент күніне арналған жас гитарашылардың байқау-фестивалі, балалар эстадалық әндерінің «Үміт жұлдыздары» қалалық байқауы, ҚР Тәуелсіздік күніне арналған «Отаным- деп, шырқаймын» патриоттық әндер байқау-фестивалі, «Морозко-2019» аспаптық дуэттер байқауы, « Жас музыкатанушылардың V қалалық олимпиадасы, «Менің өнерлі отбасы» қалалық байқауы, Ғ.Жұбанова атындағы жас пианиношылардың қалалық

байқауы; V ашық Халықаралық «Gold accordion» эстрадалық байқауы. Мектебіміздің негізінде Халықаралық «Ақ көгершін» фестиваль – байқауы, Халықаралық жас вокалшылар мен аспапта орындаушылардың «Жас өнер: әлем мәдениеті жолында!» байқаулары және Халықаралық «Сәлем, Астана» байқаулары осыған дәлел. Оған мамандырылған қосымша білім беру ұйымдарының (БММ және БӨМ) және жалпы білім беретін мектептердің оқушылары қатысады.

2011-2019 оқу жылдарында Халықаралық байқаулардың – ; Республикалық байқаулардың, қалалық байқаулардың – жеңімпаздары даярланды. Оқушыларымыз: Германия, Греция, Италия, Франция, Испания, Литва, Дания, Хорватия, Қытай, Белоруссия, Грузия, Россия және Қазақстан елдерінде өткізілген байқаулардың жеңімпаздары болып табылады. Мухамбеткалиев Адиль, Горелова Мария, Ашкарбекова Парасат, Игисимова Аймгуль, Амангельды Амина, Алиакпар Алиби, Қалдыбай Аружан, Ракишева Латифа, Ищанова Айсулу, Турсынбекова Зере, Евсеева Анастасия және де басқа көптеген жеңімпаздарымыздың есімдері Қазақстанда және шетел елдерінде танымал болып келеді.

Мектепте 55 оқытушы жоғары, бірінші, екінші біліктілік санатымен жұмыс жасайды. Педагог қызметкерлер Халықаралық, республикалық және қалалық деңгейдегі ғылыми-әдістемелік, ғылыми-практикалық конференциялармен, семинарлармен біліктілік курстарына қатысады: "Қосымша білім беру жағдайында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Балаларға қосымша білім берудің сапасын, қолжетімділігін және тиімділігін қамтамасыз ету", "Қосымша білім беру жағдайында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. "Рухани жаңғыру", "Қазіргі заманғы музыкатану және этноорганология мәселелері", Б.Ш.Сарыбаевтың 90-жылдығына арналған" Өнер және мәдениет: зерттеуден зерттеуге", "Қазақстандағы музыкалық мәдениеттің, ғылымның және білімнің заманауи мәселелері", "Ресей мен шетелдегі қосымша білім беру саласындағы ынтымақтастық жобалары мен болашағы", "Музыкалық білім беру. Заманауи технологиялар мен оқыту әдістері", "Музыкалық-компьютерлік технологияларды қолдану арқылы музыкалық пәндерді оқыту әдістемесі", "Компьютерлік музыкалық шығармашылық", " «Фестиваль-байқауларға қатысу шығармашылық ұжымның даму факторы ретінде» және «Чехиядағы қосымша білім беру жүйесінің ерекшеліктері», «Workshop modern dance».

Сонымен қатар педагог қызметкерлер халықаралық, республикалық, қалалық деңгейде, баспа беттерінде мақалаларын жариялайды - Мақалалар жинағы - «Менің әлемім - Музыка» Ғ.Жұбановаға арналады, республикалық қоғамдық-ақпараттық «Начальник» журналы, республикалық ғылыми-

көпшілік, мәдени-танымдық «Зияткерлік қоғам» журналы, республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық «Зияткер» журналы, «Қазіргі заман музыкатану және этноорганология мәселелері» Б.Ш.Сарыбаевтың 90-жылдығына арналған ғылыми-конференция жинағы, Республикалық педагогикалық журнал «Мектеп ұстаздарының әлемі», Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал «Тағылым», «Столичное образование» газеті, Метроном журналы.

Мекен-жайы: Нур - Султан қ. 010005, Бейсекбаев көш., 3/1, /8-7172/-37-11-19